

"Астана медициналық университеті" АҚ  
Құқық негіздері мен сот медицина кафедрасы

# Депутаттық қол сұқпаушылық түсінігі және жалпы сипаты

Орындаған: Сардарбекова А.

Топ: 118 ЖМ

Тексерген: Мұқанова А.Б

Астана 2015

# Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Депутаттық түсінігі және оның мәні
2. Депутаттық қолсұқпаушылық түсінігі
3. Депутаттық сауал

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиеттер

# Kіріспе

- **Депутат** - (лат. *deputatus* - өкіл) - мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың зан шығаруши немесе басқа да өкілетті органына сайланған тұлға.
- Қазақстан Республикасының зан шығару қызметін жүзеге асыратын жоғары органы - Парламент палаталарына (Мажіліс, Сенат), сондай-ақ жергілікті өкілетті билік органдарына (мәслихаттар) Депутат сайлау тәртібі, олардың куқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Конституациясында, арнаулы заңдарда көрсетілген

# Негізгі бөлім

- Депуттаттық сауал- орган депутаттың мемлекеттік басқару органдарына немесе лауазымды тұлғалардың қызметіне қатысты мәселелерге түсініктеме беруін սұраған сауал.  
**Депуттаттық сауал** жазбаша түрде қойылуы мүмкін. Ол палаталардың бірлескен немесе жабық отырыстарында жария етіледі. [Депутат](#) өзі сауал жолдайтын лауазымды басшының аты-жөнін және одан күтетін жауабының жалпы нысанын (ауызша не жазбаша) көрсетуге міндетті. Тиісті басшы депутаттық сауалды алған күннен бастап 1 ай ішінде [Парламенттің](#) немесе оның палаталарының жалпы отырысында жауап қайтаруы тиіс. **Депуттаттық сауал** мен оған қайтарылған ресми жауап мәтіні бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.


# **Депутаттың дербес құқықтылығы**

ағылш. *immunity of a  
deputy; нем.*

*Deputiertenimmunitatf;  
лат.* *deputatus —  
посланный*

Палатаның келісімінсіз қылмыстық  
жауапкершілікке тартылуға  
болмайтын Парламент  
депутатының ерекше жағдайы.

# Депутат міндеттері



Депутат Парламенттің және оның  
өзі құрамына сайланған  
органдарының жұмысына  
қатысуға міндетті.

Депутат Парламенттің  
сессияларында және оның өзі  
құрамына енетін органдарының  
отырыстарында қаралатын  
барлық мәселелер бойынша  
шешуші дауыс құқығын  
пайдаланады.

□ **Парламент депутаты:**

1. 1) Парламент пен оның Палаталарының үйлестіруші және жұмыс органдарын сайлауға және оларға сайлануға;
2. 2) Сессияның күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қарау тәртібі мен олардың мәні жөнінде ұсыныстар мен ескертпелер енгізуге;
3. 3) Парламент Палаталары сайлайтын немесе тағайындаитын не олардың тағайындалуына Парламент келісім беретін лауазымды адамдардың кандидатуралары жөнінде өз пікірін айтуда;
4. 4) Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында қарау үшін ұсынылатын мәселелер бойынша Палата Бюросына ұсыныстар енгізуге, ал өз ұсыныстары қабылданбаған жағдайда оларды Палаталардың жалпы отырыстарының қарауына енгізуге;
5. 5) Парламент пен оның Палаталары органдарының отырыстарында қарау үшін мәселелер ұсынуға;
6. 6) Парламент Палаталарына есеп беретін лауазымды адамдардың есебін немесе хабарламасын Парламент сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге;
7. 7) занда белгіленген тәртіппен депутаттық сауалдар салуға;
8. 8) жарыссөзге қатысуға, баяндамашыларға, сондай-ақ отырыста төрағалық етушіге сұрақтар қоюға;
9. 9) дауыс беру себептері бойынша өз ұсыныстарын негіздел сөз сөйлеуге, анықтамалар беруге;
10. 10) Парламент қабылдайтын зандардың, қаулылардың, басқа да актілердің жобаларына түзетулер енгізуге;
11. 11) Парламент депутаттарын азаматтардың қоғамдық маңызы бар үндеулерімен таныстыруға;
12. 12) Парламент отырыстарының стенограммалары мен хаттамаларындағы депутаттардың сөйлеген сөздерінің мәтіндерімен танысуға;
13. 13) Республиканың зандарына, Парламент пен Палата Регламенттеріне сәйкес басқа да өкілеттікті жүзеге асыруға құқылыш.

# Депуттатық әдеп ережелері



Республика Парламенті депутаттарының депутаттық әдеп ережелері олар депутаттық өкілеттігін жүзеге асырған кезде де, оны атқармаған кезде де басшылыққа алуға тиіс болатын тәртіп нормаларын белгілейді:

- - Республика Парламентінің депутаттары бір-біріне және Парламент Палаталарының, комитеттердің, комиссиялар мен Парламент құрған басқа да депутаттық құрылымдардың жұмысына қатысушы өзге адамдардың бәріне сыйластықпен қарауға тиіс;
- - өз сөздерінде Парламент депутаттарының және басқа адамдардың ар-ојданы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін орынсыз айыптауларды, дөрекі, қорлайтын сөздерді қолданбауға тиіс;
- - заңсыз және күш қолданатын әрекеттерге шақырмауға тиіс;
- - Парламент Палаталарының, оның үйлестіруші және жұмыс органдарының қалыпты жұмысына кедергі келтірмеуге;

Парламент депутаты мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпиялары бар ақпаратты ондай құпияларды сақтаудың белгіленген тәртібін сақтай отырып пайдалануға міндетті.



Парламент депутатының депутаттық өкілеттігін жүзеге асыру кезінде өзіне белгілі болған мәліметтерді, егер ол мәліметтердің Парламент Палаталары мен оның үйлестіруші және жұмыс органдарының жабық отырыстарында қаралған мәселелерге қатысы болса, жария етуіне болмайды.



Парламент депутаты депутаттық бланкілерді тек ресми сауал салу, хаттар, құжаттар үшін ғана пайдаланып, оларға тікелей өзі қол қоюға міндетті.

- Парламент депутаты бұқаралық ақпарат құралдарында, баспасөз конференцияларында, митингілерде, өзге де көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде немесе мәлімдемелерінде анық және тексерілген фактілерді ғана пайдалануға, қоғамдық пікірді бүрмалайтын пайымдауларға жол бермеуге, кез келген азаматтың ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын сөздерді қолданбауға міндettі.
- Сынап сөйлеген сөздерінде шындыққа үйлеспейтін не тексерілмеген фактілерді қасақана немесе абайсызда қолданып қалған жағдайда бұл орайда мұдделері мен намысына нұқсан келген үйымдардан, органдар мен адамдардан көпшілік алдында кешірім сұрау - Парламент депутатының парызы.

# Қорытынды

Сонымен қорыта келе ,депутат Парламенттің жалпы отырыстарында бір сессия ішінде дәлелді себептерсіз үш реттен артық болмаған жағдайда оған болмаған күндері үшін жалақы төлеуден бас тартылады. Депутат Парламент пен оның органдарының отырыстарында дәлелді себептерсіз бір айдан астам уақыт болмаған жағдайда депутатқа болмаған мерзімі үшін:

- жалақы төлеуден;
- көліктө жүру құжаттарын кезектен тыс сатып алудан;
- іссапарға шығудан;
- іссапар шығындарын төлеуден;
- автомобиль көлігімен қызмет көрсетуден;
- емдеу-сауықтыру және санаторий-курорт қызметін көрсетуден бас тартылады.Депутат Палаталардың бірлескен отырысында болмаған жағдайда бұл туралы шешімді - тиісті Палатаның Төрағасы, ал Палата органдарының отырыстарында болмаған жағдайда - тиісті Палатаның Бюросы қабылдаиды.

# Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. С.Д.Баққұлов – “Құқық негіздері”.  
Алматы, 2010 Ашитов
2. З.О., Ашитов Б.З Қазақстан  
Республикасының құқық негіздері,  
Алматы, Жеті Жарғы, 2003.
3. Дулатбеков Н.О., Амандыкова С.К.,  
Турлаев А.В. Қазіргі Қазақстанның  
мемлекет пен құқық негіздері. Астана, ИКФ  
Фолиант 2000ж.